«Бекітілді»
ҚР ЭжТРМ ОРжЖДК
«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі»РММ
Бас директор
_____ Ж.Тыныбеков
20 қараша 2026 жылғы
№02-03/180 Ө бұйрығы

Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру туралы тендерлік құжаттама
№ 10 лот

«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ № 10 Лоты бойынша алаңы 0,9 га жер учаскесі тендерге қойылады.

Учаскенің орналасқан орны: «Катонқарағай МҰТП» РММ қарасты Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам, 19 телім, шектеулі шаруашылық қызмет аймағында орналасқан.

Пайдалануға ұсыну мақсаты: Рекреациялық және туристік мақсаттарда ұзақ мерзімді пайдалану, туристерге қызмет көрсету объектісі

Осы тендерлік құжаттама тендерді ұйымдастырушы тарапынан Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін жер учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға алу жөніндегі тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті қатысушыларға ұсынылады (бұдан әрі – тендерлік құжаттама).

Тендерлік құжаттама Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына» (бұдан әрі – Қағидалар) және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 9 қыркүйектегі № 201 «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 73 "Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2026 жылғы 11 қыркүйекте № 39865 болып тіркелген.

1. Тендерлік құжаттама:

Тендерді ұйымдастырушы әлеуетті қатысушыларға ұсынатын тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

1) Бас жоспарға сәйкес қалыптастырылған тендерге қойылатын лот (лоттар);

2) тендерді өткізу уақыты мен орны туралы ақпарат;

3) тендерлік өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, соңғы мерзімі және олардың қолданылу мерзімі;

4) пайдалану үшін учаскені беру шарттары, нысаналы мақсаты және оның техникалық ерекшелігі;

5) жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу және нысандарды салу мерзімдері (бұл ретте ЖСҚ әзірлеу мерзімі бір күнтізбелік жылдан аспауға, ал нысанды салу мерзімі үш күнтізбелік жылдан аспауға тиіс);

6) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға, құрылыс нысанына іргелес аумақты абаттандыруға, қабаттылығына, құрылыс барысында пайдаланылатын материалдарға, сондай-ақ құрылыс кезінде пайда болатын қалдықтарды басқаруға қойылатын талаптар;

7) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға, құрылыс нысанына іргелес аумақты абаттандыруға, қабаттылығына, құрылыс барысында пайдаланылатын материалдарға, сондай-ақ құрылыс кезінде пайда болатын қалдықтарды басқаруға қойылатын талаптар;

8) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-бабы 7-тармағына сәйкес құрылыс салынатын жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті бұзуға байланысты барлық шығындарды өтеу талаптары;

9) жер учаскесін таңдау актісі, онда учаскенің ауданы көрсетіліп, сызбасы қоса беріледі

Тендерге қатысушы мынадай құжаттарды (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) ұсынады:

Тендер қатысушысы келесі құжаттарды (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде) ұсынады:

1) лоттар көрсетілген, тендерге қатысуға арналған еркін нысандағы тендерлік өтінім;

2) заңды тұлғалар үшін – жарғының көшірмесі және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) техникалық ерекшеліктер (ұсынылатын жұмыстар мен қызметтердің техникалық сипаттамасы, оның ішінде спецификациялар, жоспарлар, сызбалар, эскиздер);

4) пайдаланушы аумағында орналасқан табиғи кешендердің, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің және тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі, сондай-ақ жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын құруды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасауды ескере отырып;

5) нысандарды салуға жеткілікті қаржы қаражатының және (немесе) қарыз қаражатына қолжетімділіктің және (немесе) тиісті материалдық және еңбек ресурстарының бар екенін растайтын құжаттар. Қаржы қаражатының бар екендігі тендерге қатысу үшін ұсынылғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей екінші деңгейдегі банк берген анықтамамен расталады. Тендер қатысушысы жоба бойынша бизнес-жоспарды қаржылық-экономикалық үлгісімен бірге қоса ұсынады;

6) құрылыс нысандарының болжамды эскизі (эскиздік жобасы);

7) табиғи кешендерді туристік және рекреациялық мақсатта, сондай-ақ туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді пайдаланғаны үшін ұсынылатын баға.

Тендерге қатысуға арналған өтінім тендер қатысушысы тарапынан тігіліп, беттері нөмірленген түрде ұсынылады және соңғы беті оның қолымен куәландырылады.

Тендерге қатысушы қосалқы мердігерлер тартқан жағдайда тендерге қатысушы өзінің тендерлік өтінімінде тиісті қосалқы мердігерлердің тізбесін көрсетіп, оған: құрылыс жұмыстарын орындауға берілген қажетті лицензиялардың; туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілер құрылысын жүзеге асыру үшін қажетті қаражат пен өндірістік қуаттардың қосалқы мердігерде болуы туралы құжаттардың (оның ішінде біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыс өтілі көрсетілген қызметкерлердің болуы және олардың саны туралы құжаттардың) көшірмелерін қоса тіркейді.

2. Тендерді өткізудің уақыты және орны туралы ақпарат.

Ұлттық парктің аумағында туристік және рекреациялық қызмет объектілерінің инфрақұрылымын салу үшін жер учаскелерін ұсыну бойынша тендер 2026 жылы 01 желтоқсан сағат 10:00-де ұлттық парктің орталық кеңсесінде өткізіледі. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Жәмпейсов көшесі, 16А.

3. Тендерлік өтінімдер берудің тәсілі, орны және соңғы мерзімі мен олардың қолданылу мерзімі.

Әлеуетті қатысушы тендерлік өтінімді конвертке салып, оны мөрлейді. Конвертте мыналар көрсетілуі тиіс:

1) әлеуетті қатысушының атауы және толық пошталық мекенжайы (тендерлік өтінім «кешіктірілген» деп танылған жағдайда оны ашпай қайтару мақсатында);

2) тендерді ұйымдастырушының атауы және толық пошталық әрі электрондық мекенжайы:

3) тендердің толық атауы: «Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға беру бойынша тендер», лот нөмірі, учаскенің орналасқан жері мен ауданы көрсетіле отырып, сондай-ақ «АШПАУ» деген мәтін жазылуы тиіс

Тендердің ұйымдастырушысына тендерлік өтінімдерді қолма қол немесе пошта арқылы мына мекенжай бойынша жолдануға тиіс: «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, пошталық индекс 070908, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Жампейісов көшесі, 16А, тел: 8(72342)2-96-97, қабылдау бөлімі, электрондық мекенжайы: katontourism@mail.ru

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: **2026 жылы 30 қараша сағат 17.30-ға** дейін.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендер ұйымдастырушысымен алынған барлық тендерлік өтінімдер (оның жауапты тұлғамен) қабылданбайды, ашылмайды және ұсынылған мәлімдеушіге қайтарылады.

Әлуетті қатысушының тендерлік өтінімнің әрекет ету мерзімі тендерлік өтінімдерімен конверттерді ашу күнінен бастап **45 күннен** кем емес белгіленуі тиіс.

4. Учаскенің нысаналы мақсаты

Нысаналы мақсаты:

Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру, қонақжай үй салу үшін жер учаскесін ұзақ мерзімді пайдалануға беру. Аумақты абаттандыру және көркейту: СГУ, септик.

5. Жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеу және объектілерді салу мерзімі (бұл ретте ЖСҚ әзірлеу мерзімі күнтізбелік бір жылдан, ал объектіні салу мерзімі күнтізбелік үш жылдан аспайтын уақытқа белгіленеді).

5.1. Жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеу мерзімі – РММ «Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркімен» жер учаскесін пайдалану туралы шарт жасалған күннен бастап бір күнтізбелік жылдан аспауға тиіс.

ЖСҚ эскизге (эскиздік жобаға) сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының туристік қызметтер саласындағы (экологиялық туризм) «СТ РК 2993-2017» ұлттық стандартына сәйкес әзірленеді және құрылыс жүргізудің күнтізбелік жоспарымен бірге ұлттық паркке ұсынылады. Ұлттық парктің келісімімен бекітілген ЖСҚ пайдаланушы тарапынан Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 64-1-бабына сәйкес, 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей**,** кешенді ведомстводан тыс сараптамаға жіберіледі.

5.2. Объектінің құрылысы мерзімі – пайдаланушы ЖСҚ бойынша кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін үш күнтізбелік жылдан аспауға тиіс. Бұл туралы пайдаланушы ұлттық паркті алдын ала жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

6. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу, құрылыс объектісіне іргелес аумақты абаттандыру, қабат саны, құрылыс кезінде қолданылатын материалдар, құрылыс кезінде жиналатын қалдықтарды басқару жөніндегі талаптар.

6.1.Туризм объектілерін салу және орналастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № ҚР ДСМ-67 бұйрығымен бекітілген **«**Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»**,** «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарының (8-бап, 9-бап, 11-бап), Қазақстан Республикасының Орман, Су, Жер, Экология және Салық кодекстерінің**,** туристік қызметтер саласындағы (экологиялық туризм) Қазақстан Республикасының «СТ РК 2993-2017» ұлттық стандартының және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау:

- туристік және рекреациялық қызмет аймағында туристік маршруттар мен соқпақтарды ұйымдастыруға, бивактық тұрақтар мен бақылау алаңдарын, жағажайларды, қайық және құтқару станцияларын, су көлігі түрлері мен жағажай жабдықтарын жалға беру пункттерін орналастыруға жол беріледі;
- туристік және рекреациялық қызмет аймағында күрделі құрылыс объектілерін салуға тыйым салынады**;**
- шектеулі шаруашылық қызмет аймағында рекреациялық орталықтарды, қонақүйлерді, кемпингтерді, мұражайларды және туристерге қызмет көрсетуге арналған басқа да объектілерді салу және пайдалану жүзеге асырылады;
- шектеулі шаруашылық қызмет аймағында жер учаскесін ұзақ мерзімді пайдалануға беру және күрделі құрылыс объектілерін салу кезінде туристік және рекреациялық қызмет аймағындағы су жиегінен бастап 50 метрлік белдеу көзделеді.

Экожүйеге, табиғи кешендерге (жануарлар дүниесіне, орман, өсімдік және су ресурстарына) зиян келтіретін іс-шараларды жүргізбеу. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау. Жер учаскесінің санитариялық жағдайын қамтамасыз ету, орман зиянкестері мен ауруларының пайда болуына және таралуына жол бермеу. Топырақ эрозиясына жол бермеу. Жер учаскесін абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларды ұлттық паркпен келісу арқылы жүргізу. Объектілердің құрылымы, саны және жалпы алаңы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу барысында нақтыланып, түзетілуге тиіс.

6.3. Жобаның қысқаша сипаттамасы, талаптар

6.3.1. Құрылыс және абаттандыру объектісіне қойылатын жалпы талаптар, қабаттылығы, құрылыс кезінде пайдаланылатын материалдар

№ 10 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам 19 телім. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 0,9 га.		
1	**Жоспарланған іс-шаралар**	**Туристерге қызмет көрсету объектісінің құрамында мыналарды орналастыру көзделеді:** 1. Қонақжай үй 2. Аумақты жайластыру және абаттандыру: СГТ, септик
1.1	**Қонақжай үй**	**Мақсаты мен сыйымдылығы:** туристерге қызмет көрсетуге арналған, мемлекеттік ұлттық табиғи паркке келушілердің уақытша тұруы мен демалуына арналған объект. Сыйымдылығы, жалпы ауданы, тұрғын үй-жайлардың саны және пайдалану режимі ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспарына, эскиздік жобаға, берілген жер учаскесінің ауданына және рұқсат етілген рекреациялық жүктемеге сәйкес айқындалады. **Функционалдық құрамы:** кіреберіс аймақ немесе тамбур, қонақ бөлме, бір немесе бірнеше жатын бөлме, ас үй немесе ас үй-асхана, душы және/немесе ваннасы бар санитариялық торап, жеке заттарды сақтауға арналған орын, шаруашылық қоймасы және техникалық аймақ. Жобалық шешімдерге және аумақты пайдаланудың белгіленген режиміне сәйкес берілген жер учаскесі шегінде ашық

		немесе жабық терраса, веранда, бастырма және жабдықталған демалыс аймағын орналастыруға жол беріледі. **Аумақта орналастыру:** объект ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспарында көзделген жер учаскесінің шегінде, аумақтың функционалдық аймақтарға бөлінуін, белгіленген шектеулер мен рекреациялық жүктеме нормаларын ескере отырып орналастырылады. Объектіні орналастыру кезінде қолданыстағы жер бедерін, топырақ-өсімдік жамылғысын, ағаш-бұта өсімдіктерін және табиғи жерүсті ағынын барынша сақтау қажет. Жоспарлау шешімдері құрылыс пен абаттандыру үшін қажетті ең аз аумақты қарастыруы тиіс. **Қабаттылығы және сәулеті:** негізінен бір қабатты, жоба бойынша негізделген жағдайда екі қабатты ғимарат. Сәулеттік келбеті туристік кешеннің жалпы тұжырымдамасына сәйкес келіп, аумақтың табиғи-ландшафтық ерекшеліктерін ескеруге және қоршаған табиғи ортамен үйлесімді болуға тиіс. Қарапайым сәулеттік пішіндер мен табиғи, бейтарап реңктерді қолданған жөн. **Іргетастар:** бұрандалы немесе бұрғыланып қағылатын қадалар, бағаналы тіректер, темірбетон қадалар, таспалы іргетас, монолитті плита — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Іргетас түрі жоба мен есепке сәйкес, учаскенің инженерлік-геологиялық жағдайын, жер бедерін, жер жұмыстарын және топырақ-өсімдік жамылғысына әсерді барынша азайту қажеттігін ескере отырып таңдалады. **Көтергіш қаңқа және қабырғалар:** жылытылған ағаш қаңқа; жеңіл болат жұқа қабырғалы конструкциялар (ЛСТК) немесе металл қаңқа; қаңқалы-панельді үй жиынтығы; профильденген немесе желімделген брус; модульдік немесе басқа құрастырмалы конструкция — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Конструктивтік шешімдер беріктікті, ұзақ мерзімділікті, энергия тиімділігін және қоршаған аумаққа барынша аз әсер ете отырып құрылыс жұмыстарын орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. **Жылу оқшаулау және қорғау:** минералды немесе базальт мақта, экомақта, PIR/PUR плиталары — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Жылу оқшаулағыш қабаттың қалыңдығы орналасқан жердің климаттық жағдайларын ескере отырып, жылу-техникалық есеппен айқындалады. Бу оқшаулауды, жел мен ылғалдан қорғауды, гидрооқшаулауды және үй-жайлардың дыбыс оқшаулауын қарастыру қажет. **Қасбет:** брус имитациясы, планкен немесе АВ сортынан төмен емес қасбеттік тақтай; табиғи реңктегі металл сайдинг; фиброцемент панельдер; әрлеудің жекелеген элементтері ретінде табиғи немесе жасанды тас; табиғи ортамен үйлесетін материалдар мен фактураларды басым қолданатын аралас әрлеу — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Тым ашық, қарама-қарсы және жарықты шағылыстыратын қасбеттік материалдарды қолдану ұсынылмайды. **Шатыр:** металл жабынқыш, профильденген табақ, фальцты шатыр, битумды немесе жұмсақ жабынқыш, жалпақ мембраналық шатыр — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Шатырдың түсі табиғи ландшафтпен және кешеннің жалпы сәулеттік тұжырымдамасымен үйлесуі тиіс. Ұйымдастырылған су бұру жүйесін, қажет болған жағдайда қар тоқтатқыштарды қарастыру қажет.

		Терезелер мен есіктер: шынылпакетті энергия тиімді ПВХ, алюминий немесе ағаш-алюминий терезелер; жылу оқшаулау және қауіпсіздік көрсеткіштері қамтамасыз етілген жағдайда панорамалық әйнектеуге жол беріледі. Кіреберіс есіктер — жылытылған металл, алюминий немесе күшейтілген ағаш; бөлмеаралық есіктер — МДФ, ағаш немесе аралас — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Ішкі әрлеу:** ағаш вагонка, брус имитациясы, боялған гипсокартон, сәндік панельдер және басқа да қауіпсіз әрі тозуға төзімді материалдар; едендер — 32-кластан төмен емес ламинат, кварцвинил, инженерлік тақтай, керамогранит — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Ылғалды үй-жайларда ылғалға және тозуға төзімді, тайғанамайтын жабындар қолданылады. Әрлеу материалдары санитариялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес болуы тиіс. **Инженерлік қамтамасыз ету:** электрмен жабдықтау, жұмыс және авариялық жарықтандыру, жылыту, желдету, суық және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, сантехникалық жабдық, өрт хабарлағыштары, байланыс құралдары және қажет болған жағдайда интернет. Орталықтандырылған инженерлік желілер болмаған кезде жобалық шешімдерге және белгіленген экологиялық әрі санитариялық талаптарға сәйкес автономды электрмен жабдықтау, жылыту, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қолдануға жол беріледі. **Су бұру және санитариялық қамтамасыз ету:** шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар герметикалық жинақтау сыйымдылықтарын, жергілікті тазарту құрылыстарын немесе жобада көзделген өзге де шешімдерді пайдалана отырып, ұйымдастырылған түрде жиналып, әкетілуі тиіс. Ағынды суларды жер бедеріне, су объектілеріне немесе іргелес аумаққа ретсіз төгуге жол берілмейді. **Аумақты абаттандыру:** аумақтың табиғи сипатын сақтай отырып, қажетті ең аз абаттандыруды қарастыру. Жолдар мен алаңдарды табиғи топырақ пен жерүсті ағынын барынша аз бұзатын материалдардан орындау ұсынылады. Шағын сәулет нысандарын, сыртқы жарықтандыруды, қоқыс жәшіктерін және навигация элементтерін орнатуға жол беріледі. Сыртқы жарықтандыру іргелес табиғи аумақтарға шамадан тыс жарық әсерін тигізбейтіндей жергілікті және бағытталған болуы тиіс. **Қалдықтармен жұмыс істеу:** қатты тұрмыстық қалдықтарды жабық контейнерлерде уақытша жинауға арналған арнайы жабдықталған орындарды және кейін оларды белгіленген тәртіппен ұйымдастырып әкетуді қарастыру. Қалдықтарды арнайы белгіленген орындардан тыс орналастыруға жол берілмейді. **Экологиялық талаптар:** объектіні салу, монтаждау, пайдалану және абаттандыру ұлттық парктің табиғи кешендеріне барынша аз әсер ете отырып жүзеге асырылуы тиіс. Қолданыстағы жасыл желектерді, табиғи жер бедерін және топырақ жамылғысын барынша сақтау, аумақтың құрылыс және тұрмыстық қалдықтармен, жанар-жағармай материалдарымен және ағынды сулармен ластануына жол бермеу қажет. Барлық шешімдер ерекше қорғалатын табиғи аумақ режимін, функционалдық аймақтарға бөлуді, ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының

		қолданыстағы талаптарын ескере отырып қабылданады.
1.2	**Аумақты жайластыру және абаттандыру: СГТ, септик**	**Жалпы шешімдер:** аумақты функционалдық аймақтарға бөлу, қауіпсіз жаяу жүргінші және көлік байланыстары, қолданыстағы жер бедері мен жасыл желектерді сақтау, демалыс орындары мен көрініс алаңдарын ұйымдастыру. **Жолдар мен алаңдар:** өңделген ағаштан немесе тастан жасалған жиектемесі бар нығыздалған қиыршық тас немесе малтатас; табиғи тас; террасалық тақтай; ағаш-полимерлі композит; бетон немесе полимер-құм плиткасы — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Жабындар мақсатына, еңістігіне және пайдалану қарқындылығына қарай таңдалады. **Шағын сәулет нысандары:** орындықтар, қоқыс жәшіктері, күркелер, бастырмалар, үстелдер, велосипед тұрақтары, ақпараттық стендтер және ағаштан, металдан, табиғи тастан немесе аралас материалдардан жасалған навигация элементтері — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Қоршаулар:** аласа ағаш штакет қоршаулар, металл, арқанды, тастан немесе аралас қоршаулар — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Тұтас қоршаулар тек техникалық қажетті учаскелерде қолданылады. **Көгалдандыру:** қолданыстағы екпелерді сақтау, бұзылған учаскелерді қалпына келтіру, жергілікті өсімдік түрлерін пайдалану, эскиздік жоба көлемінде көгалдар, гүлзарлар немесе табиғи шалғынды аймақтар жасау. **Жарықтандыру:** жолдарға, кіреберістерге, қоғамдық алаңдарға және қауіпті учаскелерге арналған энергия тиімді LED-шамдар; металл, ағаш немесе аралас материалдардан жасалған тіректер. Автономды күн шамдарын немесе сапасы одан төмен емес баламасын қолдануға жол беріледі. **Су бұру:** еңістерді жоспарлау, ашық арықтар мен науалар, дренаж, су өткізгіш жабындар, инфильтрациялық учаскелер немесе су басу мен шайылуды болдырмайтын өзге де балама шешімдер. **Навигация:** бірыңғай сәулеттік стильдегі бағыттағыштар, аумақ картасы, маршруттарды, объектілерді, санитариялық аймақтарды, эвакуация бағыттарын және келу қағидаларын белгілеу. **Қолжетімділік және қауіпсіздік:** негізгі қоғамдық объектілерге кедергісіз маршруттар, қажет болған жағдайда пандустар мен тұтқалар, тайғанамайтын беттер, биіктік айырмаларын қоршау, сыртқы бейнебақылау және арнайы қызметтердің кіру мүмкіндігі. **Сыртқы келбетке қойылатын талап:** абаттандырудың барлық элементтері табиғи түстер гаммасында орындалып, ғимараттардың сәулетімен көрнекі түрде үйлесуі және қоршаған ландшафтпен сәйкессіздік тудырмауы тиіс. ***<u>Санитариялық-гигиеналық тораптар (СГТ, дәретханалар)</u>*** **Мақсаты:** келушілер мен персоналдың санитариялық-гигиеналық қажеттіліктерін жеке модульдік санитариялық блоктар немесе ғимарат ішіне кіріктірілген үй-жайлар түрінде қамтамасыз ету. **Функционалдық құрамы:** ерлер мен әйелдер кабиналары, қолжуғыш аймақтары, техникалық аймақ және тазалау құралдарын сақтауға арналған бөлме; қоғамдық санитариялық блок құрамында жүріп-тұруы шектеулі келушілерге қолжетімді кемінде бір кабина қарастырылуы тиіс. **Конструкция түрі:** жылытылған ағаш қаңқа, ЛСТК немесе металл

		қаңқа, сэндвич-панельдер, зауытта дайындалған модульдік конструкция, қалау материалдары — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Іргетастар:** блок түріне және топырақ жағдайына қарай бұрандалы немесе бұрғыланып қағылатын қадалар, бағаналы тіректер, таспалы іргетас, монолитті плита — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Қасбет және шатыр:** қасбет — металл сайдинг, брус имитациясы, планкен, фиброцемент панельдер немесе профильденген табақ; шатыр — профильденген табақ, металл жабынқыш, фальцты, жұмсақ немесе жалпақ мембраналық шатыр — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Ішкі әрлеу:** керамогранит, керамикалық плитка, ылғалға төзімді панельдер, боялған ылғалға төзімді беттер, тайғанамайтын жабынды құйма еден — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. Қажет болған жағдайда гидрооқшаулау және су ағызу траптарына қарай еңіс қарастырылады. **Сантехникалық жабдық:** унитаздар, қажет болған жағдайда писсуарлар, қолжуғыштар, араластырғыштар, айналар, дозаторлар, кептіргіштер немесе сүлгі ұстағыштар, қолжетімді кабинадағы тұтқалар — немесе сапасы одан төмен емес баламасы. **Кәріз:** жергілікті кәрізге қосу; герметикалық жинақтау сыйымдылығы; жергілікті тазарту станциясы; автономды санитариялық кабиналар — немесе экологиялық талаптарды ескере отырып жоба бойынша таңдалған сапасы одан төмен емес баламасы. **Инженерлік қамтамасыз ету:** суық және қажет болған жағдайда ыстық сумен жабдықтау, электр энергиясы, ылғалдан қорғалған жарықтандыру, жыл бойы пайдаланылатын блоктарды жылыту, табиғи немесе механикалық желдету, құбырларды қатып қалудан қорғау. **Қауіпсіздік және қолжетімділік:** тайғанамайтын кіреберіс, пандус немесе кедергісіз қолжетімділік, тұтқалар, авариялық жарықтандыру, вандалға төзімді фурнитура, құлыпталатын техникалық люктер және тұрақты санитариялық өңдеу мүмкіндігі. ***<u>Септик</u>*** **Мақсаты:** топырақты, жерүсті және жерасты суларын ластамай, туристік кешен объектілерінен шығатын шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды қабылдау, жинақтау және/немесе тазарту. **Рұқсат етілетін шешімдер:** мерзімді түрде босатылатын герметикалық жинақтау резервуары; зауытта дайындалған көп камералы септик; терең биологиялық тазарту станциясы; модульдік жергілікті тазарту құрылыстары — немесе ағынды сулардың есептік көлемі мен табиғат қорғау шектеулерін ескере отырып жоба бойынша таңдалған сапасы одан төмен емес баламасы. **Сыйымдылық материалдары:** арматураланған полиэтилен, полипропилен, шыныпластик, сенімді гидрооқшаулауы бар темірбетон, тот баспайтын немесе қорғалған болат — немесе герметикалығы мен ұзақ мерзімділігі бойынша сапасы одан төмен емес баламасы. **Өнімділігі және көлемі:** пайдаланушылар санына, су тұтынуға, пайдалану режиміне және біркелкі еместік коэффициентіне қарай

		есеппен айқындалады. Жұмыс және авариялық көлемнің қоры қарастырылуы тиіс. **Монтаждау:** дайындалған негізге немесе қажет болған жағдайда анкерленетін темірбетон плитаға орнату; кері көму, жылу оқшаулау және қалқып шығудан, қатып қалудан және топырақ қысымынан қорғау есепке және өндіруші нұсқаулығына сәйкес орындалады. **Құбырлар мен құдықтар:** ПВХ, ПП, ПЭ-ден жасалған сыртқы кәріз құбырлары — немесе сапасы одан төмен емес баламасы; бақылау, құлама және бұрылыс құдықтары — полимерлі, темірбетон немесе баламалы. Еңістер мен төсеу тереңдігі жобамен айқындалады. **Желдету және қызмет көрсету:** желдету тікқұбырлары, тексеру құрылғылары, герметикалық люктер, қажет болған жағдайда ең жоғары деңгей сигнализациясы және ассенизациялық немесе сервистік техниканың кіру мүмкіндігі. **Қоршаған ортаны қорғау:** барлық сыйымдылықтар, қосылыстар мен құбырлар герметикалық болуы тиіс. Тазартылмаған ағынды суларды жер бедеріне төгуге жол берілмейді. Тазартылған суды бұру тәсілі жобаға және келісімдерге сәйкес айқындалады. **Электрмен жабдықтау:** энергияға тәуелді тазарту қондырғылары үшін қорғалған электр қорегін, автоматиканы, авариялық сигнализацияны және қажет болған жағдайда резервтік электрмен жабдықтау көзін қарастыру қажет. **Қабылдау және пайдалану:** герметикалығын тексеруге арналған гидравликалық сынақтар, іске қосу-баптау жұмыстары, атқарушылық схема, жабдық паспорты және пайдалану мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық қарастырылуы тиіс.

7. Құрылыс салынатын жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті бұзуға байланысты барлық шығындарды Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өтеу жөніндегі талаптар

Қаралып отырған жер учаскесінде бұзылуға жататын жылжымайтын мүлік жоқ. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 44-бабының 7-тармағына сәйкес, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген жер учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін немесе шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Пайдаланушы өз қаражаты есебінен өзі салған ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға, алып тастауға немесе Мекемеге өтеусіз пайдалануға беруге міндетті. Құрылысжайларды бұзу немесе бөлшектеу кезінде Пайдаланушының әрекеттері ерекше қорғалатын табиғи аумаққа (ЕҚТА), Мекеменің мүлкіне және басқа да жер пайдаланушыларға зиян келтірмеуге тиіс. Босатылған аумақ кез келген түрдегі қоқыстан толық тазартылып, шарттың тоқтатылған күнінен бастап бір ай мерзім ішінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша Мекемеге берілуі тиіс.

Бас директор **Ж.Тыныбеков**

8. Жер учаскесінің алаңы көрсетіліп, учаске схемасы қоса берілген оны таңдау актісі.

Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру мақсатында ұзақ мерзімді пайдалануға беру жоспарланған жер учаскесі (№ 10 лот) «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ аумағындағы Берел филиалының Рахман орманшылығының 85-орамындағы 19-телімде орналасқан.

Қарап-тексерілген учаскенің жалпы ауданы: 0,9 га.
Сұралып отырған учаске: 0,9 га.
Сирек ормандардың құрамы (негізгі ағаш тұқымын көрсету): самырсын,шырша
Учаскенің ерекше қорғаныштық және өзге де маңызы бар (жоқ): топырақ қорғау қасиеті.
Учаскенің орман шаруашылығы ерекшеліктері: мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің ормандары.
Топырақ-геологиялық сипаттамасына сәйкес учаске мәлімделген мақсаттарға жарамды (жарамсыз): мәлімделген мақсаттарға жарамды.
Осы орамнан немесе шатқалдан бұрын берілген, орналасқан жері белгісіз және өтініш беруші пайдаланбайтын учаскелердің болуы: жоқ.
Пайдалану мақсаты: туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру.
Сұралып отырған учаскенің ормандылығы: толымдылығы 0,4.
Функционалдық аймағы: шектеулі шаруашылық қызмет аймағы.
Жануарлардың жүріп өту жолдары: жоқ.
Беру мерзімі: 49 жылға дейін.

Учаскені алушының міндеттемелері:

1. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтауға және учаскені пайдалану мерзімінің бүкіл кезеңінде осы жер учаскесінде өртке қарсы жабдықтар мен құрал-саймандардың болуын қамтамасыз етуге.
2. Ағаштар мен бұталардың зақымдануына және олардың тамырымен қопарылуына жол бермеуге.
3. Аумақты тазарту және уақытша объектілерді орналастыру орындарын ұлттық паркпен келісуге.
4. Ұлттық паркпен келісу бойынша көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге, ағаштар мен бұталарды қосымша отырғызуға.
5. Жер учаскесін пайдалануды бастамас бұрын аумақ пен екпелердің талап етілетін санитариялық жағдайын қамтамасыз етуге.
6. Шарт ережелерінің орындалу барысын бақылау жөніндегі ұлттық парк өкілдерінің нұсқамаларын уақтылы орындауға.
7. Рекреация және туризм объектісі орналасқан учаскенің айналасындағы орман екпелерін қоса алғанда, учаскені (50 м радиуста) таза күйде ұстауға.

Қорытынды:

«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ аумағындағы Берел филиалының Рахман орманшылығының 85 орамындағы 19-телімде орналасқан, жалпы ауданы 0,9 га жер учаскесін туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру мақсатында ұзақ мерзімді пайдалануға беруді мүмкін деп санаймыз.


Қолдары:

Берел филиалы директоры Р.Токушев
Берел филиалының орманды қорғау және күзету жөніндегі инженері Н.Орсаринов
Берел филиалы Рахман орманшылығының орманшысы Ж.Карибаев

туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру мақсатында ұзақ мерзімді пайдалануға беру үшін Берел филиалының Берел орманшылығында орналасқан жер учаскесінің

СЫЗБАСЫ

Масштаб 1:25 000



Шартты белгілер:

Қаралып отырған учаске
Учаскенің ауданы – 0,9 га
Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы Берел орманшылығы,
Орам – 85
Телім– 19

Бас директор **Тыныбеков Ж.**

Инженер эколог **Тоқтарханова Қ.**